

«БЕКІТЕМІН»



«№6 ЖББМ» ҚММ директоры

М.Б.Сулейменов

«\_\_\_\_\_» қыркүйек 2023 ж.

**«№6 ЖББМ» ҚММ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІРЫҢҒАЙ «ЖАС ҰЛАН» мен «ЖАС ҚЫРАН»  
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР  
ҰЙЫМЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ  
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Қарағанды 2023 ж.

**"ЖАС ҰЛАН" ҰЙЫМЫ**- Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар және жасөспірімдер ұйымы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады. "Нұр Отан" ХДП XIII съезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның жас азаматтарының басын біріктіретін "Жас Ұлан" бірыңғай балалар ұйымының жаңа жүйесін құру керектігін атап өткен болатын. Тәуелсіздіктің жылдығына орай 2011 ж. 6 шілдеде "Елорда күніне" орай "Бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестік құрылды. 26 тамыз күні "Жас Ұлан" ұйымының құрылтайы өтті. Ұйымның Кеңес мүшелері, жұмыс жоспары қабылданды, ресми нышандары бекітілді.

**"ЖАС ҰЛАН"**- өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым. "Жас Ұлан" өз қызметінде ҚР-ның Конституциясын, заңнамасы және де басқа нормативтік құқықтық актілерін, ҚР-да ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады.

**ҰЙЫМНЫҢ МАҚСАТЫ:** өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

**ҰЙЫМНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:** Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

**"ЖАС ҰЛАН" ҰЙЫМЫНЫҢ РӘМІЗДЕРІ:** ту, галстуг, төсбелгі, эмблема  
**ҰЙЫМҒА ҚАБЫЛДАУ ЖЫЛЫНА 3 РЕТ:** 1 - мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні, 6-шілде - "Жас ұлан" құрылған күні, 16- желтоқсан - Тәуелсіздік күні.

**ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫЛАРЫ:** 6-9 жас – «Жас Қыран», 10-16 жас – «Жас Ұлан», мектеп басшылығы, ұйым жетекшісі, класс жетекшілер, ата - аналар.

**"ЖАС ҰЛАН" ҰЙЫМЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ:**

1. Патриоттық – елін, жерін құндылықтарын сүю, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру бағыты;
2. Отан-
2. Зерде – зерделі түрде алдына мақсат қоя білу, оған жете білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу бағыты;
3. Руханият – жоғары рухани – адамгершілік құндылықтар, гуманистік, көркем – эстетикалық қасиеттерге тәрбиелеу бағыты;
4. Салауат – бойларын жаман қасиеттерден аулақ ұстайтын, салауатты өмір салтын ұстанған, спортпен шұғылданатын, тәнін түзулікке баулитын бағыты;
6. Экоәлем – қоршаған ортаны аялау, жан-жануарларға қорған болу, экологияны жақсартуға бағытталған жобалар жасауға баулитын бағыты;



№	Атқарылатын іс-шара атауы	Уақыты	Бағыт	Қаралатын орны
1	Құжаттарды реттеу а) Сынып оқушыларының тізімін алу ә) «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының белсенді мүшелерін түгендеу б) «Жас Ұлан», «Жас Қыран» жылдық жоспар құру в) Ұйым мүшелеріне бағыт –бағдар беру.	Қыркүйек	«Руханият»	Тәлімгер «Жас Ұлан», «Жас Қыран» белсенділері.
2	Мектеп Ұланбасын сайлау	Қазан	«Отан»	Тәлімгер «Жас Ұлан», «Жас Қыран» белсенділері.
3	«Қариясы бар үйдің – қазынасы бар» іс-шара	Қазан	«Руханият»	Тәлімгер «Жас Ұлан», «Жас Қыран» белсенділері. 5-8 сынып оқушылары
3	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына оқушылар қабылдау	Қазан	«Отан»	Тәлімгер «Жас Ұлан», «Жас Қыран» белсенділері.
4	Өзін-өзі басқару күні. Ұстаздар күніне қабырға газетін шығару	Қазан	«Еңбек»	1-9 сыныптар 1-9-сыныптар
5	«Алтын күз-2023» мерекесін ұйымдастыру	Қазан	«Зерде»	5-7сыныптар
6	«Жаңа жыл мерекесі» «Жарқырасын, Жаңа жылдың шамдары!»	Желтоқсан	«Еңбек»	1-7 сыныптар 7-9 сыныптар
7	«Қар жамылған ағаштар» сурет байқауы	Қаңтар	«Еңбек»	1-4 сыныптар
8	Шаңғы тебу жарысы	Қаңтар	«Салауат»	7-9 сыныптар
9	«Отаным – Қазақстан» патриоттық әндер байқауы	Қаңтар	«Отан»	1-9 сыныптар
10	«Бала құқығы туралы» эссе жазу	Қаңтар	«Жеті жарғы»	5-9 сыныптар
11	«Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар» спорттық сайысы	Ақпан	«Зерде»	2-4 сыныптар

12	«Алғыс күні» кұттықтау	Наурыз	«Руханият»	Ұйым мүшелері
13	«Көктем аруы – 2024» байқауын өткізу	Наурыз	«Зерде»	1-9 сыныптар
14	Сурет сайсы «Құстар біздің досымыз»	Наурыз	«Экоәлем»	2-4 сыныптар
15	Ұлттық ойындардан жарыс «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» мерекелік іс-шара	Наурыз	«Руханият» «Жеті жарғы»	1-4 сыныптар 1-9 сыныптар
16	«Ғарышкер болғым келеді» сурет сайысы, шығармалар сайысы «Күлкі күніне» Жайдарман ойыны	Сәуір	«Руханият»	1-4 сыныптар
17	«ДЭНС БАТЛ» заманауи би сайысы	Сәуір	«Еңбек»	1-9 сыныптар
18	1-мамыр «Бірлік күні» 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған іс – шараларға қатысу «Жігіт сұлтаны» сайысы 5-9 сыныптар	Мамыр	«Отан»	1-9 сыныптар
19	9-мамыр Ұлы Отан соғысына арналған еске алу апталығына қатысу «Жеңіс күні» «Жеңіс күні» мерекесіне қабырға газеті	Мамыр	«Отан»	1-9 сыныптар
20	«Жас ұлан» ұйымының отырысы Жылдық атқарылған жұмыстар есебі. Қорытынды жасау.	Мамыр	Тәлімгер «Жас Ұлан» «Жас Қыран» белсенділері	9-сыныптар
21	«Соңғы қоңырау-2024» мерекесіне дайындық «Сыңырла соңғы қоңырау» салтанатты жиыны	Мамыр	ДТЖО Тәлімгер	1-9 сыныптар Мектеп ұжымы

Орындаған: Б.А. Ұзақбаева